




Пайдалану нұсқаулары

TRRSE сериясы



СИПАТТАМАСЫ	3
ПАЙДАЛАНУ	4
"Оңай дөңгелек" жүйесі	4
Орналасуы	4
Қуат желісі	4
ҚҰРЫЛҒЫНЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ	5
Құрылғыны ҚОСЫҢЫЗ.....	5
Жұмыс істеуі	5
Қуатты шектеу функциясы	6
ТАЙМЕР (TRRSE0920T МОДЕЛІ ҮШІН)	7
Таймер функциясы	7
ДАБЫЛДАР	8
КҮТІМ КӨРСЕТУ	9
Күтім көрсету.....	9
Техникалық сипаттамалары	9
АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	10



A. Индикатор шамы бар ҚОСУ-ӨШІРУ тетігі


B. қыздыру режимінің дисплейі

C. температураны реттеу тетігі

D. қуатты шектеу түймесі


E. сым ұстағышы

F. дөңгелектер



"Оңай дөңгелек" жүйесі

- Радиатордың бетін сырып алмас үшін оны кілемге немесе жұмсақ нәрсеге төңкеріп қойыңыз.
- Дөңгелектерді сыртқа қарай бұрау арқылы толығымен жазыңыз.
- Радиаторды тік бағытына қайта бұраңыз.




Орналасуы

- Қыздырғышты қуат розеткасының дәл астына орналастырмау керек.
- Бұл радиаторды беткі ауданы 43 шаршы фут (4 ш/м) кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.

Қуат желісі

- Құрылғыны пайдаланбас бұрын құрылғының мәліметтер жапсырмасында көрсетілген кернеу мен үйіңіздегі желінің кернеу және розетка көрсетілген жүк шамасына сай екенін тексеріңіз.
- Сақтандырғыштардың көтере алатын ток мөлшерлерін де тексеріңіз. ҚЫЗДЫРҒЫШТЫ ТЕК ЖЕРГЕ ҚОСЫЛҒАН РОЗЕТКАЛАРҒА ҒАНА ҚОСЫҢЫЗ.
- Қыздырғышты розеткаға қосыңыз, сол кезде құрылғы ҚОСУ-ӨШІРУ тетігінің позициясына қарай ҚОСУЛЫ немесе ӨШІРУЛІ күйге енеді.
- ҚОСУ-ӨШІРУ тетігі қосу/өшіру белгісімен таңбаланған (келесі суретте көрсетілгендей) ①.




Құрылғыны ҚОСЫҢЫЗ

- Құрылғыны ҚОСУ үшін қыздырғышты розеткаға қосып, тетікті ҚОСУ *позициясына қойыңыз.*
- Индикатор жанады және құрылғы температура тетігімен таңдалған мәнге сәйкес жұмыс істей бастайды.
- Құрылғыны ӨШІРУ үшін тетікті ӨШІРУ күйіне бұраңыз, құрылғы жұмысын тоқтатады және шам сөнеді.

Ескертпе:

- Электр қуатын ажыратқан соң (қуат өшіп қалса немесе құрылғыны розеткадан суырылса) құрылғы пайдаланушы таңдаған бұған дейінгі жұмыс режиміне қайта оралады (сонымен қатар қуатты шектеу функциясын қосу немесе өшіру үшін).



Жұмыс істеуі

- Температураны реттеу тетігі қажеттіліктеріңізге сәйкес бөлме температурасын таңдауға арналған. 4 қарапайым секторды ұстану арқылы ең қолайлы температураны таңдау үшін тетікті сағат тілімен немесе оған қарсы бұраңыз:

1. Қатуға қарсы сектор:

Температура * мәніне орнатылған кезде құрылғы бөлмедегі температураны автоматты түрде 5°C деңгейінде ұстап, су құбырларының қатып қалуына жол бермейді.

2. Ұйқы секторы:

Ұйықтаған кезде ең қолайлы (14, 16 және 18°C) температураны таңдауға мүмкіндік береді.


3. Қолайлы темп. секторы:

19-20-21-22-23°C аралығындағы ең қолайлы температураны таңдауға мүмкіндік береді

4. Қосымша күтім секторы:


жоғары қолайлылық температурасы қажет болған жағдайда 24-26-28°C аралығындағы температураны таңдауға мүмкіндік береді

- Құрылғы "қатуға қарсы" және бөлмедегі қажетті 11 температураның кез келгенін оңай және дәл таңдауға мүмкіндік береді.
- Пайдаланушы қалаған температураны кез келген уақытта өзгерте алады.
- Құрылғы жұмыс істей бастайды және қолайлы температураға жеткенде тоқтайды.



Маңызды:

- Құрылғыны пайдаланған кезде температураны реттеу тетігін тым жоғары мәнге орнатпауға тырысыңыз.
Бөлме температурасын жасыл түспен белгіленген температурада ұстау (20°C шегінде) үйдің қызып кетуіне жол бермейді және энергияны тұтынуды азайтады.
- Бөлменің шамадан тыс жылып кетуіне жол бермеңіз!



Қуатты шектеу функциясы

Бұл мүмкіндіктің көмегімен құрылғы қуат шығынын азайта отырып, төмен қуат деңгейінде жұмыс істейді.


- Бұл функцияны іске қосу үшін  түймесін басыңыз.
- Бұл функция қосылған кезде тек МИН. қуат деңгейі белсенді болады.
- Жыпылықтап тұрған кезде, Қуатты шектеу түймесі құрылғыда қандай да бір қатенің/ақаудың бар екенін көрсетеді.

Таймер функциясы


Құрылғыны 24 сағат жұмыс істейтін және өзі өшетін етіп бағдарламалауға болады.

Таймерде пайдаланушыға келесі мүмкіндікті беретін шағын тетік бар:

1. Таңдағышты "I" таңбасына (1) қою арқылы құрылғыны қуатсыз күйде ұстаңыз.
2. Таңдағышты "I" таңбасына (2) қою арқылы құрылғыны қуатты күйде ұстаңыз.
3. Таңдағышты "⌚" белгішесіне қою арқылы (3) таймер функциясын пайдаланыңыз.



- Барлық сағаттардағы сияқты, таймерді де дәл уақытқа орнату керек.
- Мысалы, уақыт таңғы 9:30 болса, таймер тетігін сағат тілі бағытымен (көрсеткі бағытымен) көрсеткі 9:30 уақытын көрсеткенше бұраңыз.
МАҢЫЗДЫ: ТАЙМЕРДІҢ ТЕТІГІН САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫНА ҚАРСЫ БҰРАМАҢЫЗ.
- Әр тармақ 30 минуттық кезеңді білдіреді. Құрылғыны орнатылған уақыттарда іске қосылатын және ажыратылатын етіп орнатуға болады.
- Тіс тетіктің ортасына қарай басылған кезде, радиатор сол 30 минуттық жұмыс істеу режимінде қалады. Егер тістер тартылған болса, осы кезеңде радиатор өшірулі болады (төмендегі суретті қараңыз).
- Бұл таймер – электрлік сағат, ол тек розеткаға қосылған кезде ғана жұмыс істейді. Ажыратылса, таймер тоқтайды да, оны қайта орнату керек болады.



Құрылғыда ақаулықтарды анықтауға арналған өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Проблемалар орын алған жағдайда, ϕ түймесінің қуат шектеуі мәні жойылады да, пайдаланушыға нақты ақаулар туралы хабарлау үшін жыпылықтайды.

PF (зонд ақауы)	Зонд ақауы болса, ϕ 4 рет тез жыпылықтап, артынша 4 секунд өшіп тұрады	Осы дабыл болған кезде құрылғы жұмыс істемейді. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
Ht (жоғарғы температура)	Өнімнің ішкі температурасы тым жоғары болған кезде, қыздыру қуаты біртіндеп және автоматты түрде төмендейді. ϕ түймесі бір рет баяу жыпылықтауды бастайды да, 2 секунд ҚОСУЛЫ және 2 секунд ӨШІРУЛІ болады.	Бұл сигналдың себебін жою үшін құрылғының беті жабылмағанына көз жеткізіңіз және төмен температураны орнату арқылы құрылғыны суытыңыз. Қауіпсіздік құрылғысы жылытқышты шамадан тыс қызып кеткен жағдайда өшіреді. Құрылғы жылытқышты автоматты түрде қайта іске қоса алмаса, De'Longhi тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
ToS (құлау датчигі)	Құрылғы 3 секундтан артық уақыт бойы тік күйде болмаса, ол қыздыру элементтерін өшіреді және ϕ түймесі тез жыпылықтай бастайды.	Құрылғы қалыпты тік күйге қойылғанда, құрылғы алдыңғы жұмыс режиміне оралады.

Күтім көрсету

- Ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз және радиаторды суытып алыңыз.
- Радиаторды жұмсақ әрі дымқыл шүберекпен сүртіңіз, жуғыш химикаттарды және қырғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- Егер радиатор біраз уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, сымды сым ұстағыштың айналасына орап, құрғақ жерде сақтаңыз.
- Бұл құрылғы ұзақ жылдар бойы ешбір проблемасыз қызмет көрсететіндей етіп жасалған.
- Ақаулық немесе күмән туындаған жағдайда, жылытқышты өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз: өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз (тіркелген De'Longhi тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтары тізімін көріңіз).

Техникалық сипаттамалары

Қуат көзінің кернеуі	Мәліметтер тақтасын көріңіз
Жұтылатын қуат	"

<i>ПРОБЛЕМА</i>	<i>СЕБЕБІ</i>	<i>ШЕШІМІ</i>
Индикатор шамы қосылмайды	Оның жалғанғанын және электр розеткасының жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз Құрылғыны қауіпсіздік датчигі ажыратқан болуы мүмкін	Розеткаға қосыңыз Бітеп тұрған нәрсені алып тастаңыз және құрылғыны салқындатып қойыңыз. Егер құрылғы жұмыс істемесе, De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен
Құрылғы жылытпайды	Температура тым төмен орнатылған болуы мүмкін	Температураны жоғарырақ мәнге орнатыңыз
⊕ түймесі жыпылықтаған PF жазуын көрсетеді	Бұл бөлме температурасы датчигінің ақауын білдіреді	De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласыңыз
⊕ түймесі жыпылықтаған Ht жазуын көрсетеді	Құрылғының ішкі температурасы тым жоғары екенін білдіреді	Құрылғының үсті жабылмағанын тексеріңіз және құрылғыны суытыңыз. Құрылғының ішкі температурасы азайған кезде, ескерту жоғалады. Егер құрылғы жұмыс істемесе, De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен
⊕ түймесі жыпылықтаған ToS жазуын көрсетеді	Құрылғы дұрыс тік күйде емес немесе құлаған.	Құрылғыны дұрыс тік күйге қойыңыз. Құрылғыны көлбеу жерге қоймаңыз, ол құлап, адамды жарақаттауы мүмкін.

